

Общественные науки

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES

OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 2224-5227

Volume 2, Number 306 (2016), 147 – 152

УДК 341.57

KAZAKH DEMOCRATIC INTELLECTUALS AND SOME PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF APPLICATION OF KAZAKH

Z.K. Ayupova¹, D.U. Kussainov²

¹Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

²Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan
zaure567@yandex.ru

Key words: Kazakh, Kazakh democratic intelligence, “Kazakh newspaper”, aura of application of language, sovereignty component, national spirit, spiritual traditions, language policy, Turkic languages, kypchak subgroup.

Abstract. Kazakh is the native language of the Kazakh people. Kazakh - the state language in the Republic of Kazakhstan. However, the question of introduction and development of the state language in Kazakhstan is still not solved completely. Mostly it is the current problem. If at the beginning of the XX century greatest Abay Kunanbayev has propagandized an idea of studying of Russian, now it is quite necessary to learn Kazakh. Kazakh was included into kypchak subgroup of Turkic languages, respectively as a part of the Altai language family, where except Turkic languages, the Japanese and Korean languages enter also tungus-manchzhur, Mongolian, Finno-Ugric languages. From the moment of its independence, Kazakhstan gives paramount value to the development and support of the state language, which is an integral part of sovereignty of our country. The language policy aimed on the future development of Kazakh language. However, it isn't enough only the efforts of the state; it is really necessary for each institute of the civil society to render each individual assistance on widespread and intensive introduction of Kazakh language into all spheres of our life.

УДК 341.57

ҚАЗАҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫН ДАМЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРИ

Аюпова З.К¹, Құсайинов Д.Ә²

¹ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан

² Абая атындағы ҚазҰПУ, тарих факультеті, Алматы қ., Қазақстан
zaure567@yandex.ru

Түйін сөздер: казақ тілі, казақ демократиялық интеллигенциясы, «Қазак» газеті, тілдің колданыс аясы, егемендіктің құрамас бөлігі, ұлттық рух, рухани дәстүрлер, тілдік саясат, түрік тілдері, қыпшақ топтамасы.

Аннотация. Қазақ тілі - казақ халқының ана тілі. Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Бірақ та, Қазақстанда әлі күнге дейін мемлекеттік тілді дамыту және колдану мәселелері толық шешіле койған жоқ. Біздің ойымызша, бұл уақыт мәселесі шығар. Егер де XX ғасыр басында ұлы Абай Құнанбаев орыс тілін үйренуді насиҳаттаған болса, кізір казақ тілін үйренуді насиҳаттайтын уақыт келген сияқты. Қазақ тілі түрік тілдерінің ішіндегі қыпшақ топтамасына кіреді, ал түрік тілдері алтай тілдік семьясының құрамында, онымен бірге бұл құрамда тунгус-маньчжур, монгол, финно-угор, сонымен қатар кейбір

болжамдарда жапон және корей тілдері де кіреді. Егемендік алған алғашқы күндерден бастап Қазақстан мемлекеттік тілді қолдауға, дамытуға үлкен жауапкершілікпен қарап, оны мемлекеттік егемендігіміздің басты белгілерінің бірі деп есептеді. Қазір елімізде қазақ тілінің қолданыс аясын көндырылуға бағытталған тілдік саясат жүргізілуде. Бірақ та, бұл бағытта тек қана мемлекеттік іс-қымыл толық емес, әрбір азаматтық қоғам институты, әрбір тұлғалы азамат қазақ тілінің қолданыс аясын көндырылуға, қазақ тілін қоғамдық өмірдің әрбір қырларына қолданылуын жүзеге асыру бағытында қызмет етуы керек.

Был қазақ халқы үшін ұлы мереке- тәуелсіздігіміздің 25- жылдық мерей тойы болып есептеледі. Осы тарих үшін аса қысқа мерзімде қазақ елі рух бостандығын жүзеге асыруды ғасырларға татитын әлемдік істерді жүзеге асырды. Әлем елдеріне шашыраған қазақ баласын ата жүртқа жинап, мемлекеттікіміздің бірегейлігін қалыптастыру бағытында қомақты істерді одан әрі жалғастыруды. Осы игілікті жасампаздық іс-шаралардың бірі- қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріп оның қолданысын әрқашанда дамыту болып табылады.

Қазіргі егемен еліміздегі ұлт мәдениетін жаңғыруға арналған ең үлкен мәдени жобалардың бірі болып есептелген «Мәдени мұра» бағдарламасының әсерінен біз көптеген қазақ халқының рухани байлықтарына қол жеткіздік. Солардың ерекше бір ұлгісі ретінде қазақ зиялыштарының шығармашылық іс қымылдарының әсерінен дүниеге келген XX ғасыр басындағы қазақ демократиялық интеллигентиясының жүзеге асырған газет журналдар шығару қызметін айтуға болады. Бұл газет журналдарда ұлт зиялыштары ана тіліміздің әдеби нұсқаларын одан әрі қалыптастырып дамытуда қыруар іс жасады. Сол кездегі ана тілінің қоғам өмірін көрсетуі және құнбек-құнгі қолданыс қажеттіктерінде өз функциясын жүзеге асыруы және мемлекеттік билік пен сот ісіндегі қолданыс аясы қалай болғанын біз тәменгі мысалдарда қарастырып талдау жасаймыз.

Егемен еліміздің дәл бүгінгі дамуы мен қалыптасуының өзекті мәселелері сияқты қазақ зиялыштары шығарған «Қазақ газеті»- сол кездегі қоғамның рухани өмірінің айнасы болды- газеттің ең басты міндеттерінің бірі ретінде қазақ тілі мен әдебиетін өзіндік қайталанбас өрнектерге ие бай рухани мәдениетін дамыту еді, себебі олар әдебиет пен тілді қазақ халқының көптеген ғасырлық дәстүрлеріне байланысты өзіндік ерекшелігі мен рухани бай қазынасын болашақ ұрпақ үшін мирас етіп сактап қалатын ең басты әрі тиімді құрал деп түсінді. Қараңғылық пен сауатсыздықты саяси мешеуліктің қазақ халқының мәдениеті мен сана-сезімінің дамуына кедергі болатын ең бір басты себебі деп түсіне отырып, қазақ зиялыштары бұдан шығу жолы, мұлдем құттылу жолы, өркениетті елдер қатарына қосылып, береке мен бақытқа жету жолы, ағартушылық пен ғылымда білімнің сол замандағы алдыңғы жетістіктерін игеруде деп түсінді.

«Ғылым мен білім біздің тұрмысымызды жөнілдете алады,.. өркениетті елдер ғылымды одан әрі дамытуға ат салысада, оған қаржымен көмектеседі, біз Еуропаның алдыңғы қатарындағы елдерінен үлгі алушымыз керек»,-деп жазды А. Байтұрсынов «Білім жаршысы» деген мақаласында. Әрине, ол Ресейдің және Европа елдерінің даму сатысына жету үшін білім берудің этнопедагогикалық әдістерін қолданып, халықтың білімі мен сана сезімін көтеру ең басты алғышарты мен тәсілі және басты қажеттіліктердің бірі екенін түсінді. Өзінің осы мәселелерге арнаған көптеген мақалаларында қазақ даласының қаржысы бар әлді азаматтарына халықтың білімін көтеруге, қаржы бөлуге шақырды, мектептер салудың, оқулықтар шығарудың қаржы болмаса іске аспайтындығына тоқталды, тек қана мектеп салуға көңіл аударып қоймай, сол мектептердің оқу жоспарларымен жұмыс істеу ерекшеліктеріне де басты назар аударды. Қай ұлттық мектеп болмасын миссионерлік саясаттан аулақ болсын, бастауыш мектепте ана тілінде оқи алсын, оларда ар-оқждан еркіндігі сакталып, өзінің қабылдаған діні туралы да түсінік алуға мүмкіндігі болсын деген ойлар айтты. «Бастауыш мектепті ана тілінде бастап оқытқанға өте зор көніл бөле отырып, ол ана тілімен бірге қай ұлтқа болмасын тек өз ұлтына тән ерекшеліктер мен қасиеттер жас балдырғандарға дариды»,-деп түсінеді [1]. Аханың бұл ойлары дәл бүгінгі білім реформалары жүргізіліп жатқан еліміздегі, білім министрлігінің бас мамандарына жетсе, қазіргі көптеген осы мәселенің айналасындағы даудамайлар мен пікірталастар бірден өз орнына түсер еді.

Сонымен қатар ол, дәл сол кездегі қазақ елінің Ресей елімен тығыз байланысын және оның қазақ еліне әсерін естен шығармайды. Орыс тілімен орысша жазуды игерудің өте қажеттігіне тоқтала отырып: «Біздің болашағымыз үшін қазақша оқып, жазып, үйреніп кана қоймай, сонымен қатар орысша білу де өмір талабы», - деп қорытындылайды А.Байтұрсынов. Бұл ойларды ол Абай

туралы жазған көптеген мақалаларында өте жиі қайталайды. Жоғарыда тоқтағанымыздай «Қазақ» газетінің Абай шығармалары мен оның дуниетанымының ерекшеліктерін қазақ даласына, сонымен қатар Ресейдің түпкір-түкпірінің халықтарына жеткізуде маңызы өте зор болды, бұл бағытта да Ахмет Байтұрысновтың сінірген енбектері ұшан теңіз [1].

Егемен елімізде қазірігі кезеңде жаңа сапаға көтерілген ұлт-азаттық қозғалысы идеологиясының Қазақстанда қалыптасу ерекшеліктерін көрсететін жұмыстар жаңбырдан кейінгі санырауқұлақтай көбейіп келе жатқаны қуантады. «Қазақ» газетінде жарияланған материалдарға сүйеніп, осы процесстер барысында теренірек көз жүгіртуге, оның басты кезеңдерін бағымдал, идеялық өрнегіне үнілуге мүмкіндік туды. Бұл бағытта әдебиетшілердің, публицистердің, журналистердің, тарихшылардың және философтардың зерттеулері барышылық.

«Қазақ» газетінің бар мүмкіндігін ағартушылық бағытына пайдалана отырып, қазақ демократиялық интеллигенциясы сонымен бірге болашаққа талпынған, халықтың рухани тамырынан нәрленген ұлт азаттық қозғалыс идеологиясының негізін жасады. Анығырақ айтқанда, ол идеологиялық принциптер отаршыл әкімшіліктің ешқандай ерекшелікпен санаспай жүргізген өктем саясатына қарсы демократиялық интеллигенцияның құнделікті әрекеті нәтижесі ретінде өмірге келіп, ұлттымыздың сан ғасырлық бостандық үшін курес дәстүрлерінен сусындал, біртіндеп өмір талқысынан өтіп, қоғамдық қозғалыстың бағыт-бағдарын айқындаушы негізге айналды, және сын сағаттарында негізінен дұрыс ері өміршендігін дәлелдеп бере алды.

Өзі шығарылып тұрған кезеңдерде газет арқылы бұл қызмет негізінен мынандай басты бағыттарда жүрді. Біріншіден, бұл ұлттық демократиялық интеллигенцияның алдында тұрған негізгі міндет-орталық езгіге қарсы ұлттық бостандық үшін, елдің болашағы үшін жүргізілген құрестің бағыт-бағдарын, курес әдістерін және стратегиялық, тактикалық тәсілдерін айқындау болды. Екіншіден, саяси бостандыққа жету феодалдық тәртіптер мен қатынастарға, өркениетке қарай ілгерілеуге кедерігі болып отырған кейбір құні өткен салт дәстүрге, қоғам кемшіліктеріне қарсы бітпес курес пен басқа да әдіс шараларды бір мезгілде жүргізуге тиіс болды. Соған байланысты ұлттық интеллигенция обьективті процестер басына салған соң еріксізден феодалдық мешеулікпен курес принциптерін анықтауды да қолға алды, бұл бағытта да белгілі шараларды жүзеге асырды.

ХХ ғасырдың басында переселен поселкелерінің барысында қазактарды көп ойланып жатпай-ақ, біржолата орыс сот жүйесіне аудара салуды насиҳаттаушылар шыға бастады. Мұндай бағытты қолдаушылар қазақ оқығандарының арасында да бар еді. Бұл өте қауіпті ұсыныс болатын. Э.Бекейханов, мәселен, осыған орай «қазактың би һәм билігін өзгерту не керек, шірік жіп қанша жалғағанмен не іске жарайды? Бұл биді, билікті жоғалтып, қазакты орыс судьяларына қарату керек деп орыс айтады, шаригатқа қарату керек деп біздің молдалар айтады. Біз мұның екеуіне де қол қоймаймыз», -деп оның мән-жәйімен негізгі себебін былайша түсіндіреді: «...қазақ орыс сот жүйесіне аударылар болса, онда баяғы қанғыраған жаман біне зар болар. Біз орыстың судьясына қарасақ, бұл судья рәсіммен билік айтпас, закон жолымен айтгар. Мұны бұл законы қайда? Қазаққа әкеліп мұжық қамытын кигізе салса, бұл түске кірмеген қыншылық. Мұнан қазақ безуі керек, не бұл судьяға қазақ рәсімін араластырып, қазаққа ынғайлы закон жасап берсе, сонда орыс судьясын мойындау керек. Бірақ бұл орыс судьясына құл болсан, судья біздің жүрттың тілін білмейді. Біздің өзімізден судья болатын қазақ жоқ есебінде. Переводчикпен биге түскен соң бұл дауда не қасиет қалады? Бірі бас десе, бірі құлак деп қарап тұрмай ма? Судья даугтер мен жауапкердің сөзін өз құлағымен естімесе тамам мылқау ортасынан не жақсы билік шықпак» [2].

Ә. Бекейханов бұл жасауға дайындалып жатқан күлкін әрекеттердің тұп негізін дұрыс түсініп, оған қарсы болып жалғыз сот жүйесінде ғана емес жалпы мемлекет жүйесінде осындағы пікірде болды. Ол: «елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса көп ұлттан құрылған Россияның бір орысы билеймін дегенінде мағына жоқ. Россия өзге тілі, тұрмысы, каны басқа жүртқа автономия беруі керек», - деп жазды [3, 89-90 б]. Бұл мәселенің өміршендігі, Әлихан қайраткердің көріпкелдігі, қазіргі ыдырап кеткен кенес одағының басынан кешкен тағдыры дәлел болады.

Көздері ашық, көкірегі ояу оку-ағарту саласында немесе переселен және басқару, мемлекеттік басқару жүйесінде қызметте жүрген ұлттық интеллигенция бүкіл отарлау процесін көз алдында өткізді, оның саяси-экономикалық, мәдени тарихи себептерін түсінді. Ұлттық теңсіздік, қанаудың

не екенін жақсы білді. Соның нәтижесінде ол отарлау жүйесінде қызмет етуші интеллигентиядан шын мәнінде барлық бітім болмысымен осы іске берілген ұлттық өркендеу мен ұлт азаттық қозғалысты бастаушы күшке айналды. Осы себептерден де олардың дүниетанымында да ұлттық мұдде, бостандық идеясы басым түсіп жатты. Бұл құбылыстар жалғыз қазақ интеллигентиясының ғана емес жалпы барлық отар елдеріне ортақ құбылыс болатын Дж. Неру осы тарихи кезеңде ұлтшылдық «бүкіл Азия елдерінде үстемдік құрган прогрессіл күш болды», -деді [4, 111].

Жоғарыда көрсетілгендей ұлттық идея мен ұлт мұддесі тек қана қазақ тілінде терең де жан жақты жүзеге асатының біз дұрыс түсінеміз, сондықтан да қазақ тілімен әдебиетінің терең зергер маманы Ж. Аймауытовтың дүниетанымдық нысандарынан қарастырылған. Оның рухани төларнасы жастайынан сусындалп нәр алған, халық ауыз әдебиеті, халықтың мақал-мәтеделдері, наным сенімдері, әдет-ғұрпы, мәдениеті болып есептеледі. Ж.Аймауытов сол туған халқының сана-сезімі мен болмысын жаңа ғасыр, жаңа заман, жаңа қоғам талаптарына сай қалыптастыру үшін жан жақты ізденістер жүргізді. Ағартушылық философиясының идеяларын терең игеріп қана қоймай, оны жүзеге асырудың жолдарын, әдістерін іздестірді. Халыққа әсер етудің, сана-сезімін жетілдірудің ең қолайлы құралы әдебиет болғандықтан, қазақ даласындағы ғасырлар бойы қалыптасқан даналық пен данышпандық, өнер мен білім әдебиет арқылы, әдеби туындылар арқылы берілгендейтін, Жүсіпбек өзінің елдің болашағы үшін күресін әдебиеттен бастады.

Жүсіпбек Аймауытов туралы сөз бастағанда, оның жазушылық шеберлігі ҳақында айтпасқа болмайды. Ол - сөз тұтастығын сақтаған, өлең мен қара сөзді бір-бірінен бөлмеген қаламгер. Мұндай шеберлікке оқып-үйреніп, жаттығып, дағыланып жетуге болмайды. Ол адамға жаратушының бергені. Оны біз табиғи талант, дара дарын деп айтып жатамыз. Сірә, талант табиғаты ақылмен таныларлық шаруа емес. Оның сыры өзінде, тұнғылық болса керек. Сондықтан біз қаламгер талантына тамсана бермей, осы талант туғызған (дүниеге әкелген) шығарма туралы айтуга көшсек. Қазақтың тұнғыш романы- «Қартқожа»- өте женіл оқылады, оқырман қиналысқа түсіп шаршамайды. Бірақ, мәселе роман оқылып біткеннен соң басталады. Сонда бұл не нәрсе, жазушы не айтқысы келді. Қартқожа деген кім? Міне, осындағы сұрақтар ой түбіне шөге бастағанда жауап іздең киналасын. Шығармада қазақы болмыс барынша табиғи мәнінде бейнеленген. Баяғыда көркем әдебиетте натурализм деген негізсіз нәрсе деушілер болатын. Байқаймын, мұндай бейнелеуді теріске шығарып жүргендердің өзі соның не екенін білмесе керек. Мәселе, натурализмнің терістігінде емес, оның қай жағдайда көрінуінде.

Міне мұның бері-сол батыстық мәдениеттің ұлы жемістері деуге болады. Осы «жемістерді», «зорлық, зомбылық, қиянат, озбырлық», -деп атап Ж.Аймауытов көрегендікпен дәл көрсетіп, XX ғасырдың бас кезінде-ақ жазып кеткен. Тек ғылыми білімге сүйеніп, оның жетістіктерін игеріп, табиғатты қайтсе де өз ырқына көндіруге пайдалану, адамды, адамгершілікті ұмытуға, рухани жұтандыққа әкеліп соғатындығының нәтижесінде хайуандық қалыптан оздырмайтынын әбден білген, және ол туралы біз зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауында толық қамтып көрсеттік деп ойлаймыз.

Сонда да ғылым мен білімсіз ілгерілеу мен қозғалыстың қындығын жете түсінген, ойшыл, білім алушын, оның қазақтың сана-сезімін ояту үшін ауадай керек екендігін мойындағы отырып: «Фылымды кісінің білімі де күшті, білегі де күшті, надан кісі осал, құр қол кісі сияқты-алыса кетсе айлалы, азулы кісі нашар кісіні алып соғатыны ап-анық. Бұлай болған соң басқаның аузында кетпей, тіршілік қылайын деген жұрт мәденилікке жармаспасқа шарасы жоқ» дейді [5, 5 б]. Эрине, мұндай азулы, ыза мен кек қайнаған дүниеге осындағы «мәдениет» пен осындағы «мәденилік» керек шығар, бірақ автор бұлардың хайуандық сипатын іштей жақтырмай, адамға, адамгершілікке сай деп қарамайды, халқын сақтандырады.

Қазақ елінің ерекшелігі мен болмысын жете түсінген Жүсіпбек басқа қоршаған елдерде ғылым мен білім бар екен деп еліктеі бермей, оларды қайталай бермей өзіміздің де озық жетістіктерімізді сақтауға шақырады, оларда жоқ жаңалықтарды өзімізде ашуға шақырады, бұл ойларды біз ойшылдың мынандай көзқарастарынан көре аламыз: «Европаға еліктеі бермей өз бетіміздің, жүрттығымыздың белгісін көрсеткеннен не кемдік табылады? Қаза, тексере берсек, европаның өнеге қылуға жарамайтын жерлері де бар» [5, 5 б].

Шығыс мәдениеті дәстүрінде тәрбиеленген әрі Батыс мәдениетіне де қанық демократ зиялдының бұлай деуіне әрине құқығы әбден бар. Ол Батыс мәдениетін қазақ халқына мұлдем

керексіз демейді, оны да игеру керек, бірақ соған беріліп, соның жетегінде кетіп, өз нақыштарын жоғалтып алмауға мегзейді. Батыс тұрғысынан артта қалған, мәдениеті төмен. Мұның бір себебі қазақтың шығыстық өз тіні (менталитеті) барлығында болса, басқа да себептері бар екенін ашады: «Қазақ мәдениет жөнінде ерте туып, кеш қалған халық. Кенже қалғанымызда, әрине көп себеп бар: жер, тұрмыс, ғұрып, әдет, өнер (профессия) таңдау керек, - дейді Ж.Аймауытов. - Әлеумет те, мемлекет те адамның енбегі берекелі, пайдалы болуын тілейді: негұрлым әр мүшесінің енбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрмысы да тез оналмақ. Әр адамның енбегі қашан жемісті болмақ? - Әркім өз орнында қызмет істегендегі» [6, 22 б].

Кезінде көптеген саясаткерлер сияқты Жұсіпбек Аймауытов 1927 жылы «Еңбекші қазақ газетіндегі» жарияланған, «Әдебиет мұрасы» деген мақаласында: «Мәдениет мұрасы керексіз қу мола» деп ешкім дауласпас. Еңдеше, мұралар құламай, жоғалмай тұрып жаңғырылуына жұрт қол қойды. Бұлай болса, тағы да бір мұра бар. Ол - мәдениет мұрасы. Тозып бара жатқан мәдениет мұраларымен қатар тозып бара жатқан әдебиет мұраларымыз да ауызға алынатын, ауыз емес-ау, қолға алынатын уақыт жетті. Мәдениет мұрасы тарихымызға бір олжа салса, әдебиет мұрасы он жыл олжа салады»- деп зиялғы қауымға қазақ ұлттың рухани қазынасы - халық ауыз әдебиетінің қайта жаңғыруға ісіне қатысуға үндей отырып, жазбаға түспеген ауыз әдебиеті шығармаларын жинақтау мәселесіне қатысты тәмендегідей нақты ұсыныстар жасайды:

1. Ел аузындағы ескі әдебиет жинағы Оқу комиссарының білім ордасы өзі кіріссін. Өзі болмағанда губерниялық оқу бөлімдеріне бұйрық қылсын.

2. Жалпы картты түгендереп журуге болмайды. Әр губерниядан 2-3 қана таңдамалы адамдардың аузынан жиылсын.

3. Бұл сөздерді жинаудың өзіне де қолынан іс келетін, ауыр аманатты адаптациялық тиянақты кісілер жіберіліп, жазып алатын болсын.

4. Қарттардың қазақ мәдениетіне қолқабыс еткен еңбектері ақталу үшін (олардың еңбектері-ескі сөздері) бастырылып, таратылатындығына білім ордасы өзі кепілдік берсін [7].

Бұл көрсетілген материалдан біз қайраткердің істің мән-жайімен толық таныс екенін көре аламыз, сол кездегі және қазіргі қазақ ой-санасы мен болмысы үшін зор маңызы бар бұл мәселені осылайша объективті және жедел түрде игеруге нақтылады. Ұлт тағдыры қатаң өмір сындарына түсken сол кездерде Аймауытов қазақ өміріндегі ең өзекті мәселелерді таптық принципке қарсы қоймай, жалпы ұлттық мұdde тұрғысынан негізге ала отырып, сол күнгі өмір контекстінде шешүге әрекеттенді, бұл шаралар еліміздің өз қолы өзіне жетіп ата мұра ретінде ғасырлар бойы мирас болып келе жатқан мәдени жәдігерлерді, архитектуралық ескерткіштерді қалпына келтіруге нық қадам басып жатқан, көп қаржы бөлініп іске асылып жатқан мемлекеттік мәдени мұра бағдарламасының ең алғашқы идеялық бастамасы деп білеміз. Өзінің негізгі айналысқан кәсібі әдебиет мәселесіне келгенде, ол батыл да табанды ой тұжырымдарымен, тұрашылдығымен көзге түсті. Оны біз сол кездердегі Ж. Аймауытовтың «Еңбекші қазақ» газетінде басылған «Көркем әдебиет туралы» деген мақаласындағы ойларынан көре аламыз. Бұл макалада С. Мұқанов, Ә. Бәйділдин, К. Кеменгеров сондай-ақ, Г.В. Плеханов, Л.Д. Троцкийлердің еңбекші тап әдебиеті тұрасында айтқан ой-пікірлеріне тереңінен тоқтала келіп, жан-жақты өзіндік пікір айттып: «Қазақ әдебиеті, оның ішінде еңбекші тап әдебиеті жақын арада тез күшіяді, тез өседі деуге толық себеп жоқ. Кеңес өкіметі орасан, еңбекші тапты жақтағандықтан, сүйгендіктен келешекте еңбекші тап кенеледі» деп сенілгендіктен әдебиет те тез күшійп кетеді деу ұшқары тым желпілдеткен сөз» дейді. Сондықтан да қайраткер ұзын сөз, үгіт өлең жазудан аспай жүрген тап жазушыларын өнер жолын тұтынуға шақырды.

Осы мақалада біздің басымдылық пен айтаін деген ойымыз қазіргі ақпарат құралдарында және қоғамдық өмірдің әр саласында қазақ тілінің қолданыс аясын кенейтіп қана қоймай қазақ тілінің әр бір термин қолданғанда оның дұрыстығын нақтылығын қадағалап отыру қажет. Әрине бұл оңай емес, көптеген еңбектенуді қажет етеді, бірден жүзеге аспайтын ерекшеліктері мен қыншылықтары бар процесс. Оны жүзеге асыру қазіргі ұлттың сүйетін қазақ зиялыштарының тарих алдындағы, бабалар есietі алдындағы парызы мен қарызы деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Байтұрсынов А. Бастауыш мектеп // «Қазақ». – 1914. – № 8.
- [2] Бекейханов Э. «Қазақ» газеті. – 1914. – № 50.
- [3] Бекейханов Э «Ерсайын». – М., 1923. – 89-90 б.
- [4] Неррү Дж Открытие Индии. – К.2, М., 1989. – С.111.
- [5] Аймауытов Ж. Журнал туралы // Абай. – 1918. – № 1. – 3 б.
- [6] Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан. – 1995. – 311 б.
- [7] Аймауытов Ж. Әдебиет мұралары // Еңбекші қазақ. – 1927. – 20 маусым.

REFERENCES

- [1] Baityrsinov A. Elementary school // Kazakh» newspaper. – 1914. – № 8. (in Kaz.).
- [2] Bokeikhanov A. «Kazakh» newspaper. – 1914. – № 50. (in Kaz.).
- [3] Bokeikhanov A. «Ersaiyn». – M., 1923. – 89-90 p. (in Kaz.).
- [4] Neru Dz. Creation of India. – V.2. – M., 1989. – P.111. (in Rus.).
- [5] Aimaurov Dz. About the journal // Abai. – 1918. – № 1. – 3 p. (in Kaz.).
- [6] Aimaurov Dz. Psychology. – Almaty: Rauan, 1995. – 311 p. (in Rus.).
- [7] Aimaurov Dz. Literature inheritance // Enbekshi kazakh. – 1927. – 20 June. (in Kaz.).

**КАЗАХСКАЯ ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ И НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ
РАЗВИТИЯ ПРИМЕНЕНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

З.К. Аюпова¹, Д.У. Кусаинов²

¹КазНУ им. аль-Фараби, факультет международных отношений, г. Алматы, Республика Казахстан

² КазНПУ им.Абая, исторический факультет, г. Алматы, Республика Казахстан

zaure567@yandex.ru

Ключевые слова: казахский язык, казахская демократическая интелигенция, газета «Казах», ареал применения языка, составная часть суверенитета, национальный дух, духовные традиции, языковая политика, тюркские языки, кыпчакская подгруппа.

Аннотация. Казахский язык - это родной язык казахского народа. Казахский язык - государственный язык Республики Казахстан. Однако вопрос внедрения и развития государственного языка в Казахстане до сих пор не решен полностью. Скорее всего, это проблема времени. Если в начале XX века великий Абай Кунанбаев пропагандировал идею изучения русского языка, то теперь пришло время, когда нужно изучать казахский язык. Казахский язык входит в кыпчакскую подгруппу тюркских языков, а тюркские языки, соответственно, входят в состав алтайской языковой семьи, куда, кроме тюркских языков, входят также тунгусо-маньчжурские, монгольские, финно-угорские, а также, по некоторым предположениям, японский и корейский языки. С момента принятия независимости Казахстан уделяет первостепенное значение развитию и поддержке государственного языка, являющегося неотъемлемой частью суверенитета нашей страны. Реализуется языковая политика, нацеленная на расширение сферы применения казахского языка. Однако одних усилий государства недостаточно, необходимо каждому институту гражданского общества, каждому индивидуу оказать содействие по широкому и интенсивному внедрению казахского языка во все сферы жизни.

AYUPOVA Z.K.

DOCTOR OF JURIDICAL SCIENCES, PROFESSOR, CHAIR OF INTERNATIONAL LAW, DEPARTMENT OF INTERNATIONAL RELATIONS

Kazakh national university named after Al-Farabi, Kazakhstan, Almaty

KUSSAINOV D.U.

DOCTOR OF PHILOSOPHY SCIENCES, PROFESSOR, CHAIR OF POLITOLOGY AND SOCIO-PHILOSOPHICAL DISCIPLINES

Kazakh national pedagogical university named after Abai, Kazakhstan, Almaty

Поступила 12.03.2016 г